

ӘӨЖ 314.93

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРІ:
МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ**

Задағали Айша Мейранғалиқызы

aysha.zadagali@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті, Аймақтану
кафедрасы, А-31 тобының 3 курс студенті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Нурбаев Ж.Е.

Түйіндеме: Қазіргі әлемдік дамуда урбанизация үрдісінің негізгі трендге айналғаны белгілі. Қазірдің өзінде қала халқы саны ауылдық жерлерде тұратын адамдардың санынан асып түсті және бұл үрдіс алдағы уақытта тек қана күшейе түседі.

Қазақстан, урбанизация, келешек.

Дамыған мемлекеттерде тіпті халықтың $\frac{3}{4}$ бөлігі қалада тұрады. Мысалы, Ұлыбританияда урбанизация деңгейі 82,3% – ға, АҚШ – та – 81,4% - ға, Францияда-79,3% - ға, Германияда-75,1% - ға жетеді. БҰҰ болжамы бойынша 2050 жылға қарай 6,2 млрд адам қалаларда тұратын болады, бұл жер халқының жалпы санының 66% - ын құрайтын болады [1].

Қазір жер бетінде 10 миллионнан астам адам тұратын 25 ірі қалалық агломерациялар бар: Сан-Паулу және Рио-де-Жанейро, Токио, Нью-Йорк, Шанхай және Пекин, Бомбей, Джакарта, Мехико, Мәскеу және т.б. Әлемнің ең ірі қаласы-24 млн адамнан астам халқы бар Шанхай. Бұл жерде қалалар құрлықтың 1% - ға жуығын алып отырғанын атап өту маңызды, бұл ретте оларда әлем халқының жартысынан астамы шоғырланады [2].

Урбанизация үрдісі мемлекеттік даму кезеңінде маңызды фактор және ол экономиканың өсуіне оң әсерін тигізеді. Урбанизация бизнесті дамыту үшін айқын артықшылықтар мен мүмкіндіктер береді, бұл әлеуетті тұтынушыларды шоғырландырудан, өнімдер мен қызметтердің алуан түрлі спектріне сұраныстың болуынан тұрады, бұл өндірісті жандандыруға және дамудың жаңа тауарларын іздеуге, сондай-ақ адами, қаржылық және ақпараттық ресурстарды шоғырландыруға әкеледі. Сонымен қатар қала экономиканың тұтас секторларын дамытуға ықпал етеді: құрылыс секторы, металлургия, машина жасау, автомобиль жасау, қызмет көрсету саласы, банк секторы, ақпараттық технологиялар саласы, медиа-сала және т. б. Сонымен қатар, қалалардың жедел өсу қарқыны бірқатар теріс үрдістердің көрінуімен байланысты бақыланбайтын урбанизация мәселелерін өзектендіреді. Осыған байланысты ең қолайлы қалалық ортаны құру үшін жаңа технологиялар мен инновацияларды жоспарлау, пайдалану қажеттілігін түсіну маңызды.

Урбанизация үрдістері Қазақстанда да қарқынды үдеріс алып келе жатыр десек болады. Бүгінгі таңда Қазақстан қалаларында ел халқының 57,6% - ы тұрады . Миллиондаған қалалар Алматы (1 829 мыңнан астам адам), Астана (1 047 мыңнан астам адам) болып табылады, жақында олардың санына Шымкент Қосылды (1 005 мыңнан астам адам). Айта кету керек, Шымкент қарқынды дамып келе жатқан қалалардың бірі. Бұл тұрғыда Шымкентті миллиондаған қала ретінде одан әрі ілгерілету және оны дамыту мәселелері өзекті болып табылады [3].

Соңғы 10 жылда урбанизация деңгейін талдасақ, бұл кезеңде Қазақстанның қала және ауыл халқының үлесі тұтастай да, өңірлік бөліністе де белгілі бір өзгерістерге ұшырады . Қала халқының үлесі 2009 жылмен салыстырғанда 4,4 пайыздық тармаққа артты. Өңірлер бөлінісінде урбанизация деңгейінің өсуі көптеген облыстарда болды, тек кейбір өңірлерде ғана қала халқының үлесінің төмендігі байқалады. Сондықтан, урбанизация үрдісі әр облыста түрлі деңгейде . Жоғарыда аталған қалалар маңында бұл үрдіс қарқынды жүрсе, екінші деңгейлік қалаларда орта есеппен 44% төмен болып келеді(Орал, Петропавл, Түркістан т.б. қалаларында).

Мемлекеттің тұрақты дамуы үшін урбанизациялық үрдістің оптималдылығын анықтау керек. Осыған байланысты "Қазақстан – 2050" стратегиясына сәйкес болашақта қала халқының үлесі 70% - ға дейін өсуі тиіс. Қазіргі уақытта ҚР екі өңірінде урбанизация деңгейі белгіленген мәннен асып түсетінін атап өткен жөн. Мәселен, Павлодар облысында қала халқының үлесі 70,7% – ды, Қарағанды облысында-79,6% - ды құрайды, бұл ел бойынша ең жоғары мән болып табылады. 2018 жылдың қыркүйек айында Қарағанды облысын одан әрі дамыту мәселелері бойынша көшпелі кеңес барысында Мемлекет басшысы Н. А. Назарбаев облыс елдің ең урбанизацияланған өңірі болып табылатынын атап өтті және оның барлық елді мекендерінде әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының жеті маңызды жүйелік реформасының бірі "Күшті өңірлер мен урбанизация" реформасы болып табылады. Жоспарда айтылғандай, урбанизация мен қалалық ортаның даму деңгейі елдің жалпы даму деңгейін көрсетеді және одан әрі әлеуметтік-экономикалық даму үшін маңызды фактор болып көрсетіледі. Тағы да басқа аграрлық секторды қолдау есебінен қалаға көші-қонды шектеу, моноқалалар мен шағын қалаларды сақтау мен дамытуға күш-жігерді шоғырландыру, қала маңында агломерацияларды қалыптастыру, Астананың дамуы, Алматы маңындағы серіктес қалалардамыту үшін жобалар ұсынылған болатын. Осы ретте мемлекетпен ұсынылған бірнеше жобаларды тізбектеп кетсек болады:

- Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы;
- ҚР аумағын ұйымдастырудың бас схемасы;
- Аумақтық-кеңістіктік дамудың болжамды схемасы;
- «Нұрлы жол» бағдарламасы;
- «Ауыл - ел бесігі» жобасы, т.б.;

Осыған орай урбанизация процесі кезінде ауылға немесе қалаға алып келер оң және теріс жақтарын қарастырған жөн. Оң көзқарас ретінде урбанизация үрдісі экономика дамуына үлесін қосады. Егер ауылдан адамдар келсе қала тұрғындарының саны артады. Ал тұрғындар санының артуы елге түсер қаражаттың өсуіне алып келеді. Ауылдан келген адамдар қаланың көркейуіне үлес қосар болса, онда тек экономика емес қаланың технологиялық, мәдени және саяси әл — ауқатыда өсіп өркендейді. Дегенмен, ауылды жерлерден келушілерге қалада көп жағдайда жұмыс, баспана, әлеуметтік көмек қарастырылмайды. Ал, дәл қазіргі уақытта ауыл халқы қалаға қарқынды көшу әрекеттерін жасап жатыр. Оның астарында экономикалық, әлеуметтік проблемалар бар, сондықтан ауыл халқының қалаға көшудегі бірнеше себептерін қарастыру керек:

- Жұмыссыздық;
- Халықтың тұрмыз жағдайының нашарлығы;
- Өмір сүруге заманауи жағдайлардың жасалмауы, жайлылықтың(комфорт) болмауы;
- Халыққа қызмет көрсету сферасының төмендігі;
- Жастардың қалаға жоғары білім алуға келуі, т.б

Қазіргі таңда урбанизация үрдісі қазақ жастарын ауылдан сүйреп шығып, қалаға әкелуде. Соның ықпалынан қылмыс, ұрлық, жұмыссыздық кеңінен етек жайып барады. Соңғы 15 жылда Қазақстанда урбанизация қарқынды жүріп жатыр. Соңғы санақ нәтижесі көрсеткендей, қала халқының саны жыл сан артып келеді. Өркениет көшінен қалмас үшін, қала халқының өскені жақсы. Әйтседе, бұл құбылыстың жағымсыз тұстары да бар екенін естен шығармағанымыз жөн. Қазақстанда «жалған урбанизация» мәселесінің бар екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Ең қиыны, қаладан жұмыс іздеп келушілер жұмыссыздар санын көбейтуінде болып отыр. Бірақ, мұның бәрі амалдың таусылғанынан болып отырған мәжбүрлі көшу шаралары. Тұрақты жұмысы мен тұрғылық-ты жері шешілмей жатып қалаға көшіп келу «жалған урбанизация» жасап қана қоймай, әртүрлі әлеуметтік қақтығыстарға да алып келуде. «Жалған урбанизация» ең алғаш рет Латын Америкасы, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінде жабайы түрде жүрген. «Жалған урбанизацияның» салдарынан бұл елдерді жаппай жұмыссыздық жайлап, әлеуметтік ахуал қиындай түскен. Бізде Алматы, Астана, Шымкент, Ақтөбе сияқты маңызды қалаларға стихиялы түрде көшіп келіп, қоныстанып жатқандарда қисап жоқ. Тұрақты жұмыстың жоқтығы да урбанизацияға кедергі болмай отыр.

Стихиялық урбанизация(жалған урбанизация) жұмыс орындары санының жеткіліксіздігіне қарамастан қала халқы санының қарқынды өсуі болып табылады. Шынайы урбанизациядан айырмашылығы урбанизацияның әлемдік процесін сипаттайтын қалалық функциялардың жоқтығы болып табылады. Көшіп келген халықтың үлесі өндірістік және өндірістік емес салаларда жұмыс істейтін экономикалық белсенді қала халқының үлесінен әлдеқайда жоғарылығымен сипатталады. Қалаларға келген ауыл тұрғындары жұмыссыздар армиясын толықтырып , ал тұрғын үйдің жетіспеуі өмір сүру жағдайына жарамсыз қала

шеттерінің кедей аймақтардың (трущобы) пайда болуына алып келеді. Дәл осындай жағдайды Бразилия мемлекетіне басынан кешіп отыр.

Бразилия әлемдегі ең жылдам өсіп келе жатқан экономикалардың бірі. Урбанизация үдерісі бұл аумақта 1960 жылдардан бастап жүріп келеді. Урбанизация деңгейі соңғы мәліметтер бойынша 86.31% құрайды. Бірақ та ол белгілі бір жобамен не болмаса арнайы түрде жүргізілген жоқ. Ауыл халықтарының жаппай көшуі ірі қалаларының айналасында үлкен фавелдердің(трущобы) орын алуымен болды. Фавел дегеніміз Бразилия тілінде кедей аймақ деген мағынаны білдіреді. Фавелдардың дамуы өткен ғасырдың 70-ші жылдарында, Бразилиялық экономикалық дағдарыстың ең қызған кезінде келді. Ол кезде ауылдық жерлерден қалаға жұмыс табу үшін адамдардың жаппай қоныс аударуы болды. Ұзақ уақыт бойы билік еш көңіл бөлмеді. Тек 90-шы жылдары ғана үкімет фавелдарда өмір сүретін адамдарға көмек көрсету үшін кейбір әрекеттер жасауға тырысты, бірақ уақыт жоғалып кетті. Сол жерде қылмыстық топтар мен әрекеттер толығымен олардың бақылауында болды. Ол кезде мәселе шешілмейтін болып көрінді [4].

Дегенмен, фавелдер өсіп келе жатқан қала халқы үшін лайықты шешімдер болып табылмайды. Олар денсаулық пен қауіпсіздікке байланысты көп проблемалар туғызады. Олар:

- Үйде қауіпсіз ұстау үшін тым жоғар(таулы жерде) салынған.
- тұрғылықты үйлерінің көбісі картоннан жасалған, кедір-бұдырлы темір немесе ағаштан;
- Судың, электрдің немесе санитария құралдарының болмауы.
- Дүкендерден, мектептерден немесе көлік бағыттарынан алыс.
- Әдетте көп балалары бар көп балалы отбасылар тұрады.
- Нашар санитарияның салдарынан аурудың өршуіне ұшырайды.
- Ақшаның жетіспеуіне, сондай-ақ есірткінің заңсыз айналымының өркендеген индустриясына байланысты қылмыс пен зорлық-зомбылыққа ұшырайды.

Бұл қоғамда әлеуметтік теңсіздік, экономикалық тұрғыда маргиналдық аймақтарының көрінеді.

Ал, соңғы жылдары Қазақстанда Астана, Алматы қалаларының маңында ретсіз, әлеуметтік жағдайы өте төмен және басым көпшілігін басқа аймақтан көшіп келген тұрғындар құрайтын аудандар көбейе түсуде. Алматы үшін мұндай жерлер – қала айналасындағы жиі атаусыз кенттер. Астана үшін - өз бетімен салынған оң және сол жағалаудағы кейбір қала маңы аудандары. Олардың әрқайсысы өзіндік қиырмен өмір сүреді. Әлеуметтік жағдайлары өте төмен, тұрғылықты орындары, үйлері шағын, өздері салған немесе барактарды жалға алып тұрады. Мегаполистердің артуымен осындай ауру орындар көп болады. Бірақ әзірге мұндай аудандарда нақты жұмыс жоқ. Мәселелер туралы көбірек айтуға болмайды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, тоқсаныншы жылдардан бүгінге дейін ауылдан қалаға 2,5 млн. астам халық көшіп келген. Оның бір миллионнан артығы тек Алматы қаласына көшіп келіпті. Халық қалаға көшіп жатыр, бірақ урбанизация жабайы, жүйесіз, хаотикалық түрде жүріп келеді.

Егер жағдай дәл осылай жағасатын болса, қала маңындағы атаусыз аудандар көбейе түседі. Себебі көшіп келетін халықтың көпшілігі ауылды жерден жұмыссыздықтан келетін болса, қала ішінде тұру жағдайы болмағандықтан, осындай аймақтарға пәтер жалға алып немесе үй салып аймақты одан әрі арттыра түседі. Одан әрі сол жердегі халықтың тұрмыс және әлеуметтік жағдайының төмендігінен, жұмыстың жоқтығынан кішігірім қылмыстар, қайғылы жағдайлар орын алып жатады.

Сондықтан урбанизация үдерісінің тиімді жағын қарастыру керек. Мысалы, Шетелдік Еуропа елдері мен Америка урбанизациясы әлемдегі ең жоғары деңгейлердің бірінде орналасқан. Еуропалық халықтың шамамен 75 % - ын қала тұрғындары құрайды. Урбанизацияның қазіргі заманғы процесінің ерекшелігі үлкен қалалардың " таралуы – болып табылады-олардың және сонша үлкен аумақтардың өсуі. Басқаша айтқанда, ірі өнеркәсіп

орталықтары, порттық қалалар, астаналар өз шекараларынан тыс шығып, үлкен – қалалық агломерацияға айналады [5].

Бірақ бұл шек емес: көптеген агломерациялар мегаполистерге біріктіріледі. Қазақстандағы жағдайды реттеу үшін нәтижесі бар, адамдардың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағытталған жобалар мен реформалар керек. Жүргізіліп отырған мемлекеттік өңірлік саясаттың әлсіз жағы:

- Үкіметтің алдыңғы бағдарламаларды іске асыру нәтижелерін зерделемей жаңа бағдарламаларды қабылдауы болып табылады. 2006 жылы халық саны бойынша елеусіз ретінде атап өтілген қалалардың мәртебесі қайта қаралған жоқ. Болжамды схемада және Өңірлерді дамыту бағдарламасында моноқалалар айтылмаған.

- Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру және Үкімет пен өңірлік билік арасындағы өзара іс-қимыл мониторингі жоқ. Мәселен, аумақтық даму Стратегиясында шағын қалаларды дамыту "шағын қалаларды дамытудың өңірлік бағдарламаларын іске асыру" арқылы жүзеге асырылатын болады, алайда облыстар бойынша аумақтарды дамытудың стратегиялық жоспарларында шағын қалаларды дамыту бөлінген жоқ;

- Өңірлерде дамуды теңестіруден бас тарту және таңдалған үш қаланы дамытуға көшу өңірлерде шағын қалалардың одан әрі тозуына алып келеді.

Сондықтан, мемлекетке төменде көрсетілген әрекеттерге назар аударуы керек және қабылдауы керек:

- Экономикалық жағдайды арттыру басымдықтардың бірі болуы тиіс. Елбасы Жолдауында технологиялық жаңғырту бірінші басымдыққа жатқызылған;

- Урбанизация экономикалық өсуді арттыру үшін объективті және қажетті процесс болғандықтан мемлекеттік саясатты аумақтық түрде қайта қарау қажет-

 - объективті процестерді ескере отырып, елдің кеңістіктік дамуын қамтамасыз ету;

- Көші-қон саясатын пысықтау, ауылдық жерлерден, шағын және моноқалалардан, оның ішінде облысшілік деңгейде урбанизауиялық үрдістер жүргізу;

- Тұрғын үйдің қолжетімділігі. Жалға берілетін тұрғын үйдің қол жетімділігін, оның ішінде төмендеу есебінен арттыру қажет.

- Шағын және орта бизнесті қолдауға инвестицияларды қайта бөлу есебінен агломерациялар мен ірі қалаларды дамыту жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыру;

- Жұмыс ареалын ұлғайту, жұмыссыздықты жоюға байланысты бағдарламаларды іске асыру;

 - Нақты Жергілікті өзін-өзі басқаруды құру.

 - Шағын қалаларды білім беру орталықтары, экономикалық орталық ретінде дамыту.

Урбанизацияны дамыту және Қазақстанда агломерацияларды қалыптастыру әлемдік деңгейдегі агломерацияларды қалыптастыруға мүмкіндік береді, олар "жасыл экономикаға" көшу жөніндегі орнықты даму, ғылыми-зерттеу әзірлемелері, инновациялар мен кәсіпкерлікті дамыту орталықтарына айналады. Олар жоғары сапалы білім беру, ақпараттық және көлік қызметтерін ұсыну, бәсекелестікті арттыру, шетелдік инвесторлар үшін тартымды жағдайлар жасау есебінен адами капиталды өнімді пайдалануды қамтамасыз етеді

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рейтинг урбанизации стран мира. Гуманитарная энциклопедия [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий, 2006–2019 (последняя редакция: 11.03.2019). URL: <https://gtmarket.ru/ratings/urbanization-index/info>

2. Число мегаполисов с населением 10 миллионов человек и более увеличится с 21 в 2009 году до 29 в 2025 году. Институт демографии Государственного университета - Высшей школы экономики. № 429 – 430. 1 - 22 августа 2010 URL: <http://www.demoscope.ru/institut/institut>

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі статистика комитеті. <http://stat.gov.kz>

4. Urbanisation In Brazil: By Amelia Meyer <https://www.brazil.org.za/unrbanisation-in-brazil.html>
5. Урбанизация населения в странах Европы. Рейтинги и индикаторы. <https://ru.countries.world/Europe.html>